

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қазақтың қарапайым бір ұлымын...

ЖАРИЯЛАНДЫ
06.06.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/39300/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Нуралина Гульнара Отаргалиевна**ТАҚЫРЫБЫ:** Қазақтың қарапайым бір ұлымын...**МАҚСАТЫ:** Аты аңызға айналған қазақ халқының батыры ,
Халық қаһарманы Б.Момышұлының өмірі және
шығармашылық жолымен таныстыру , ерлікке толы
өмірін үлгі ету.**КЕШТІҢ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРЫ:**Б.МОМЫШҰЛЫ туралы слайд , Батыр туралы
кітаптар көрмесі , банер.

Кештің басын «Священная война» әнімен ашылады. Жай дауыста жүргізілген өнмен қатар ,ұнтаспадан тыңдау. **ТЫҢДАҢВЗДАР! ТЫҢДАҢЫЗДАР!** 1941 жылы 22 маусымда таң шапағы жаңа ғана арайланып келе жатқан кезде елімізге қауіп төнді. Халқымыздың адам айтқысыз қиын-қыстау кезеңге душар болды . Фашистік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДА ҚАЗА БОЛҒАНДАРДЫ ЕСКЕ АЛАЙЫҚ ! (1 минуттық үнсізді)

1 -жүргізуші: Жеңіс күні — адамзат аңсап өткен күн , жеңістің туын тіккен -1945

жылғы 9 мамыр азаттық күрестің айбынды күні . Мөлдір аспанды бұлт қаптады . Шаттық әні қайғылы үнге , нұрлы күнді қара түнге айналдырмақ болды. Халық үшін бұл ауыр кезең болды.

2 — жүргізуші: Құрметті ата-аналар , ұстаздар , оқушылар ! Біз бүгін Ұлы Жеңістің

65 жылдығына орай жәнеде Отанына шын берілген , қайсар жүрек Б.Момышұлының 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақтың қарапайым бір ұлымын , жанымды арым үшін құрбан еткен» атты кешті ашуға рұқсат етіңіздер .

• — жүргізуші: Кешегі неміс фашист басқыншыларымен болған қырғын соғыстағы жеңіс оңайлықпен келмеді. Ана, жарын жоғалтып жесір , бала әкесінен , анасынан айырылып жетім атанды . Фашистердің тұтқын лагеріне қаншама ана мен бала айуандықпен азаптап өлтірілді . Ал тылда қалған қарттар , аналар мен бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп бірде аш, бірде тоқ тынбай жұмыс істеді . Бірақ ешкімнің сағы сынбады. Отан үшін кеудесін отқа тосқан қазақ халқының батыры Б.Момышұлы туған жерді қасиет тұтып , Отанын қорғауда үлкен өшпес ерлік көрсетті. Ол ерлік істерін ешкімде, ешқашан да ұмытпауға тиіс .

Слайд 1

2 жүргізуші : Осы соғыста Кеңес одағының басқа

республикаларымен

бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында 1 млн. 870 мың қазақстандықтар

1- жүргізуші: Батыр атамыз соғыстан оралғаннан кейін батырдың қаруын қаламға айырбастағанын білеміз . Ол майданда бір ерлік етсе , сөз майданынд екінші ерлік көрсете білді Қазақ халқында мынадай сөз ба : «Ғалымның аты өлсе де , хаты өлмейді» — дегендей , батырдың ерлік туралы айтқан қанатты сөздері де , ел аузынан сақталып жүр .

1.Өз ұлтын сыйламау , оны мақтаныш етпеу - сатқындықтың белгісі .

2. Ел дегенде еміреніп , жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін !

3.Отан үшін отқа түс - күймейсің .

4.Опасызда Отан жоқ .

5.Елсіз ер болмайды , жұртсыз жігіт болмайды .

6.Өтіріктің балын жалап тірі жұтгенше , шындықтың уын ішіп өлген артық!

7. Ерлік - табиғат сыйы емес , саналы әскери тәрбиенің жемісі , Отан ддлындағы қасиетті парызыңды орындау үшін адамзаттың ең асыл сезімімен жігерленіп , өзінді саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр етудің нәтижесі

Бауыржан атамыздың әділетсіздікке , екі жүздікке қарсы тұрып , талай жерде өзіне жау тақандығын тілге тиек етеді . Батыр бейнесінің әр қыры оның өз шығармаларынан анық байқалады .

Б.Момышұлы өзгелерден даралап тұрған айрықша қасиеті – оның қалам мен қаруды қатар ұстауы, қай кезде де ұлт мүддесін қаймықпай қорғауы. Мысалы 1943 жылы ажалмен арпалысып жүргеніне қарамастан, ол Қазақстан басшыларына майданнан хат жазып, онда қазақ тілінің мүшкіл жағдайын баяндап, туған тілімізді тұғырлы етуге қатысты нақты ұсыныстар жасайды.

Тағы бір дәлел соғыста жүріп жазған 37 дәптер күнделігінің үшеуі жоғалғанда үш бауырынан айырлғандай күй кешеді. Майдан даласында жазылған дәптердің әрқайсысында соғыс жылдарының қасіреті мен қиындығын суреттейді.

БАУЫРЖАН АТАМЫЗДЫҢ ӨМІРІНЕН КӨРІНІС .

ОМЫТҚАДАҒЫ ОҚ . (Ә .Нұрш. Ақиө. Пен аңыз .)

Автор: Жарақаттанға Бауыржанды полк дәрігеріне жеткізеді .

Дәрігер: -Бұл кісіні дереу госпитальға жіберу керек . (есін жиғаннан кейін)

Б.М: — Сонша не боп қапты ?

Дәрігер:. - Омыртқаңызда оқ қадалып тұр , жолдас капитан .

— Сізді дереу госпитальға жөнелтуіміз керек .

Автор: — қолын әрең омыртқаға жеткізіп , арқасын сипалап расында оқ бар екеніне көзі жетті .

Б.М: — Скальпелің бар ма ?

Дәр: — Жоқ .

Б.М: — Өткір бәкің бар ма ?

Дәр: — Жоқ

Б.М: — Ұстараның жүзі бар ма ?

Дәр: — Бар

Б.М: — Ендеше соны спиртпен шай да , оқ тұрған жердің етін кес !

Дәр: — Олай етуге болмайды , жолдас капитан ...

Б.М : — Болады ! Бұйырамын ! Орындамасаң - атамын !

Автор : Батырға да жан керек деген емес пе , дәрігер дереу айтқанын істеуге

кірісті . Арқасын кескілей бастағанда Бауыржан пистолеттің сабын сындырардай тістеп жатты .

Дәр: — Мінеки , жолдас капитан , оғыңыз !

Автор: -Омыртқаға тіркелген оқты алып , алақанына салды . Жараны таңдырып алып , жаумен ауыр жұмыс жүргізіп жатқан полкке қайтадан оралды . Бірнеше күн қатарынан жаумен жағаласып , жан ұшырып жүрген Момышұлы арқасындағы жараны ұмытып та кетті . Ол бірде суланып , бірде қара қотырланып , бірде қыши бастап , өзінен- өзі жазылып та бітті

(Ә . Нұршайықов « Ақиқат пен аңыз» романынан үзінді)

Бір кезде құраннан жазылған сүрені партбилеттің артына жабсырып , жаттап , тұмар етіп бүкіл соғыс бойы өзімен алып жүрген Бауыржан Момышұлын бірнеше ажалдан аман қалуына да бірден-бір себебші болған осы сүре шығар деп те ойлаймын...

2- жүргізуші: Сөйтіп , Б.Момышұлы Ұлы Отан соғысы барысында 207рет ұрысқа қатысып , 5 рет өлімнің құрсауында қалған , рет өлімші болып жараланған . Бірақ өліммен бетпе-бет 208келген сәттердің барлығында негізгі жауынгерлік құрамымен 209қоршаудан аман-есен шығып , өз дивизиясына қосылып отырған .

1 — жүрг: Бауыржан – қазақтың кешегі от тілді , орақ ауызды , әрі ақын ,

әрі батыр тұлғалардың заңды жалғасы , түйіндей айтсақ , ұлттық рухтың 20 ғасырдың басындағы дйқын көрінісі .

Елде жоқ ерекше қасиеті , енді өмір жолын әдәбиет майданына бет бұрады ...» Ендігі қалған өмірімде көрген –білгенімді жастарға айтып кетейін» деп қалам алып , жазу жұмысына кірістім дейді .

«Мен профессионал жазушы емеспін . Мен әскери мемуар жазушы ғана кісімін .Ал біздің қазақта бұрын әскери мемуарлық әдебиет атымен болған емес.

2 жүрг: Олай болса , құрметті біздің қонақтар қазір сіздердің алдарыңызда Б.Момышұлының жазған өлеңдері оқылады .

1 -жүрг. Ғасырдан ғасырға өтіп , тарих шежіресіне талай ерлік пен қаһармандардың үлгілері жазылар . Бірақ , солардың ішінде Ұлы Отан соғысы гитлершіл Германия әскерлерін талқандап , жер жүзін фашизм апатынан аман алып қалған Ұлы Жеңісі халық қаһармандарының өшпес өнегесі болып мәңгі жарқырай береді .

2 - жүрг. Осы соғыста Кеңес одағының басқа да республикаларымен бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты . Даңты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында 1 млн. 870 мың қазақстандықтар болған .

1 -жүрг. Сонымен қатар біздің Атыраудың өзінен де көптеген жерлестеріміз Ұлы Отан соғысына аттанды . Сол қатардан қазір қалғаны 145 соғыс ардагерлері. Осы соғыс ардагерлерінің ұрпақтары құрметті қонақ болып біздің ортамызға келіп отыр . Олар біздің мектебіміздің ардагер ұстаздарымыз Зәуреш апай , Райса апай , Манауя апай . Қазір сөз кезегін апйларға береміз.

2 -жүрг. Кешімізді аяқтай келе Бүгінгі ұрпақ кешегі қан майдан ерлерінің жалғасы , қазіргі сіз бен біз мәңгілік ерліктің, өшпес ерліктің рухын өлтірмей ұрпақтан ұрпаққа аманат ету біздің борышымыз . Осымен Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына ,Б.Момышұлының 100 жылдығына арналған кешіміз аяқталды . Уқыт бөліп кегендеріңізге көп-көп рахмет. Мерекелеріңіз құтты болсын !!!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.